

Үржар аудандық маслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 48-544/VI "Үржар ауданы Барқытбел ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 55-691/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қазанда № 7678 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 57-758/VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 29.12.2020 № 57-758/VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабының 4 тармағына, 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына және Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 54-675/VI "Үржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 47-525/VI "2020-2022 жылдарға арналған Үржар ауданының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7616 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 48-544/VI "2020-2022 жылдарға арналған Үржар ауданы Барқытбел ауылдық округінің бюджеті туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6540 нөмірімен тіркелген, 2020 жылдың 22 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде, "Пульс времени/Уақыт тынысы" газетінде 2020 жылдың 30 қаңтарында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Үржар ауданы Барқытбел ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 23 682,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 796,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;
 трансферттер түсімі – 20 886,0 мың теңге;
 2) шығындар – 23 921,1 мың теңге;
 3) бюджет тапшылығы (профициті) – - 239,1 мың теңге;
 4) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 239,1 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 239,1 мың теңге.";
 аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ұржар аудандық мәслихатының хатшысы

М. Акпеков

К. Карашев

Ұржар аудандық мәслихатының
 2020 жылғы 14 қазаны
 № 55-691/VI шешіміне
 қосымша

Ұржар аудандық мәслихатының
 2020 жылғы 10 қаңтардағы
 № 48-544/VI шешіміне
 1 қосымша

Ұржар ауданы Барқытбел ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты				Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
		Атауы		
1	2	3	4	5
		Кірістер		23 682,0
1		Салықтық түсімдер		2 796,0
	04	Меншікке салынатын салықтар		2 796,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	72,0
		3	Жер салығы	749,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 975,0
2		Салықтық емес түсімдер		0,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер		0,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0,0
4		Трансферттер түсімі		20 886,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		20 886,0

Функционалдық топ		Барлық шығындар
Кіші функция		

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					(мың теңге)
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				Шығындар	23 921,1
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 169,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	18 169,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 169,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 169,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 846,0
	2			Әлеуметтік көмек	2 567,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 567,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2 567,0
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	279,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	279,0
			026	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету	279,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	866,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	866,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	866,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	229,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	637,0
13				Басқалар	2 040,0
	9			Басқалар	2 040,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 040,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2 040,0
14				Борышқа қызмет көрсету	0,0
	1			Борышқа қызмет көрсету	0,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
			042	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімі аппаратының аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	0,0
15				Трансферттер	0,1
	1			Трансферттер	0,1
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
			043	Бюджеттік алып қоюлар	0,0
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
				Бюджет тапшылығы (профициті)	-239,1

		Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалану)	каржыландыру	239,1
16		Қарыздарды өтеу		0,0
	1	Қарыздарды өтеу		0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		0,0
		054 Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен бөлінген нысыналы мақсатқа сай пайдаланылмаған кредиттерді қайтару		0,0
		055 Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару		0,0
		056 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу		0,0
	8	Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары		239,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары		239,1
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары		239,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК